


Провосттың
2022 жылғы «02» ақпандағы
№12-н/қ шешіміне қосымша

 NAZARBAYEV UNIVERSITY	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы		
	Бекіткен орган:	Провост	
Ішкі нормативтік құжатқа өзгерістер және/немесе толықтырулар			
Өзгерістер және/немесе толықтырулар:	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламаларына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдер		
Бекітілген күні:	02.02.2022ж.	Күшіне енгізілген күні	05.01.2022ж.
Шешімнің/хаттаманың №:	№12-н/қ		
ІНҚ жіктеуші:	2.8 Академиялық қағидалар мен рәсімдер		
Бастамашы:	Л. Ребекка, Регистратор және студенттердің үлгерімі жөніндегі бас директор		
Өзара байланысты құжаттар	Өзара байланысты құжаттар жоқ		

Провосттың 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 68-н/қ шешімімен бекітілген ««Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламаларына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдерге» (бұдан әрі – Қағидалар) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1. Қағидалардың 51-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«51. Күзгі және көктемгі семестрді аяқтағаннан кейін жоғары академиялық үлгерім талаптарын қанағаттандырмайтын студентке академиялық сынақ мерзімі тағайындалады.

Сынақ мерзімінің бір семестрі аяқталғаннан кейін студенттер жоғарыда көрсетілген жоғары үлгерімге қол жеткізу бойынша міндетті талаптарды орындамаған жағдайда, студенттер Университеттен оқудан шығарылуға жатады.

Ерекше жағдайларда тиісті Мектептің Деканы үлгерімнің, жалпы академиялық үлгерімнің жақсарғанын, студенттің қанағаттанарлық үлгерімге қол жеткізуі мен кейіннен оқуды аяқтауын көрсететін факторлар болған жағдайда сынақ мерзімін қосымша семестрге ұзартуды ұсына алады.

Бұл ұсыныс Академиялық мәселелер жөніндегі вице-проректорға ұзарту үшін негіздерді көрсете отырып берілуі тиіс. Академиялық сынақ мерзімін ұзарту туралы түпкілікті қарарды Академиялық мәселелер жөніндегі вице-проректор шығарады.

Егер студент ұзартылған немесе 2-ші сынақ мерзімін аяқтағаннан кейін жоғары академиялық үлгерім талаптарын қанағаттандырмаса, егер тиісті Мектептің Деканы студентке қосымша оқу семестрін ұсынуға рұқсат бермесе, ол оқудан шығарылуға жатады. Мұндай ұсыным Академиялық мәселелер жөніндегі вице-проректорға ұсыну үшін негіздерді көрсете отырып жіберілуі тиіс. Қосымша оқу семестрін ұсыну туралы соңғы қарарды Академиялық мәселелер жөніндегі вице-проректор қабылдайды».

2. Қағидалардың 52-тармағы алынып тасталсын.

3. Қағидалардың 53-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«53. Академиялық сынақ мерзімінен кейінгі семестрлерді шектеу. Студентке қатарынан екі семестрден артық немесе жалпы үш семестрден астам уақыт бойы сынақ мерзімінде болуға тыйым салынады. Ерекше жағдайда осы Қағидалардың 51-тармағын қараңыз».